

жағдаяттың дамуын талдау; белгілі бір құндылықтар және келістер жүйесінде ойлар ұсыну; жетекші ойларға және құндылықтарға сәйкес қажет деп саналатын педагогикалық нысананы құрудың нобайын әзірлеу; мақсатқа жетудің тәсілдері туралы ұсыныстарды өрнектеу; қызмет, әрекеттің кезеңдерін сипаттау; күтілетін нәтижелерді бағалау критерийлерін айқындау; педагогикалық қызметтің оңтайлы варианттарын таңдау; ойды жүзеге асыру үшін қажетті міндеттерді нақтылау; диагностика және түзету қызметтерін жүзеге асыру кезеңдерін анықтау; қорытынды кезең: нәтижелерді түйіндеу, қорытындылау.

Сол себепті технологиялық талаптардың мұғалімнің кәсіби-педагогикалық қызметінің құрылымдық және құзыреттілік (функцио-нальды) ерекшеліктері есепке алуы міндетті деп саналады. Олай болса безенелеу өнері сабақтарында болашақ мұғалімдерді педагогикалық технологияларды ұйымдастыруға даярлау бірнеше психологиялық-педагогикалық принциптерге: жүйелілік принципі, диалог принципі, білімгерлердің даралық ерекшеліктерін есепке алу принципі, ғылымилық принципі, үздіксіздік принциптеріне сүйенуді қажет ететін дидактикалық шарттарға сүйенеді.

Олай болса, болашақ көркем еңбек мұғалімін кәсіби педагогикалық қызметке даярлауды тиімді ұйымдастыру үшін ЖОО оқу үрдісін арнайы ұйымдастырылған дидактикалық шарттарға сәйкес жүргізу қажеттігі мынадай мазмұнды қамтуы тиіс деп тұжырымауымызға болады: білім беру мазмұнын кезеңдік саралау (дифференциациялау) арқылы оқытуды қарқындату; бағдарлап оқыту арқылы білім мазмұнының кәсіби басымдығын қамтамасыз ету; оқытуды психологиялық, ақпараттық бағдарлама құралдарымен қамтамасыз ету арқылы болашақ мұғалімнің жалпы педагогикалық және кәсіби іскерліктерінің сабақтастығын қамтамасыз ету; рефлексиялық қызметке даярлығын дамыту арқылы өзінің кәсіби іскерліктері мен дағдысын бағалай алуға жағдай тудыру.

Педагогикалық технологияның соңғы қадамында болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығының рефлексивті құраушысын қалыптастыру деңгейін арттыру мәселесі қойылғаны нәтижелікке қол жеткізеді, бұл білімгерлердің нақты дидактикалық шарттарды тудырмай технологияны меңгермейтінін тағы да дәйектеп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Шкутина Л.А. Подготовка педагога профессионального обучения на основе интеграции педагогических и информационных технологии: Автореф. дис..докт. пед.наук. – Караганда, 1999
2. Мальгина Т.М. Формирование эстетической культуры учащихся профессионального лицея. Дис. ... канд. пед. наук. – Оренбург, 2000. – 131 с.
3. Закирьянов К.Х. Методологические и педагогические основы процесса профессионального становления студентов университетов в условиях многоступенчатой системы образования (на материале ВКТУ): Дис. ...докт. пед.наук. – Алматы, 1994

ӘОЖ 374.7

<https://doi.org/10.53355/15401-6594-9301-1>

ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ТАЛАБЫ

Кошакаева А.А., бастауыш сынып мұғалімі, педагог- зерттеуші,
«Ораз Жандосов атындағы орта мектеп - интернаты» КММ, Алматы облысы,
Еңбекшіқазақ ауданы, Нұра ауылы

E-mail: Koshakaeva 68@mail.ru

Мақала заманауи білім беру нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз ойын еркін айта алатын, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, саналы ұрпақ дайындауды көздейді. Адамның бойындағы бар білім мен қабілет «құзыр» деп аталады. Ал, білім алушының алған білімі мен дағдыларын

тәжірибеде, өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдану қабілеттілігі – «құзыреттілік» болып табылады. Қазіргі қоғамда кәсіби құзыреттілігі дамыған әрбір педагог сабақ барысында ғылым мен педагогика саласындағы жаңалықтарды үнемі пайдаланып отыруы тиіс. Сабақ ұзақ уақыт баланың есінде қалуы үшін ерекше әдіс-тәсілдермен, ойындар арқылы өткізгені дұрыс. «Ассоциация әдісі», «Сиқырлы сандық» - білім алушылардың шығармашылық қабілетін ұштауға өте тиімді әдістердің бірі. «Миға шабуыл», «Мәтінді болжа», «Суретті диктант», «Мнемотехника» әдістерін білім алушылардың ой ұшқырлығын бақылауда, стандартты емес шешім жасауда тиімді пайдаланып отыруға болады. Оқушыларды шығармашылыққа бағыттап, құзыреттілік тұрғысынан оқыту - білім алушының біліктілігін арттыру үшін маңызы зор екеніне кәміл сенеміз.

Тірек сөздер: құзыреттілік, нарық, білім беру, құзыр, миға шабуыл, сиқырлы сандық, ассоциация әдісі, шығармашылық, біліктілік, әдіс-тәсіл.

Статья предусматривает подготовку сознательного поколения, конкурентоспособного на современном рынке образования, компетентного, умеющего свободно выражать свои мысли, в совершенстве владеющего историей, формирующего отечественную и мировую культуру. Все имеющиеся у человека знания и способности называются «компетенциями». А способность обучающегося применять полученные знания и навыки на практике, в жизни для решения тех или иных практических и теоретических проблем – это «компетентность». Каждый педагог с развитой профессиональной компетентностью в современном обществе должен постоянно использовать на уроках новшества в области науки и педагогики. Занятия лучше проводить с помощью необычных приемов, игр, чтобы они надолго запомнились ребенку. «Метод ассоциаций», «Волшебный сундук» - один из наиболее эффективных методов для закрепления творческих способностей обучающихся. Методы «Мозговой штурм», «Угадай текст», «Иллюстрированный диктант», «Мнемотехника» можно эффективно использовать для контроля мыслительной деятельности обучающихся, создания нестандартных решений. Мы убеждены, что творческое и компетентностное обучение учащихся имеет большое значение для повышения квалификации обучающегося.

Ключевые слова: компетентность, рынок, образование, мозговой штурм, волшебный сундук, ассоциативный метод, творчество, квалификация, метод-подход.

The article provides for the preparation of a conscious generation, competitive in the modern education market, competent, able to express their thoughts freely, fluent in history, shaping domestic and world culture. All the knowledge and abilities available to a person are called "competencies". And the ability of the student to apply the acquired knowledge and skills in practice, in life to solve certain practical and theoretical problems is "competence". Every teacher with a developed professional competence in modern society should constantly use innovations in the field of science and pedagogy in the classroom. It is better to conduct classes with the help of unusual techniques, games, so that they will be remembered by the child for a long time. The "Method of Associations", "Magic Chest" is one of the most effective methods for consolidating the creative abilities of students. The methods of "Brainstorming", "Guess the text", "Illustrated dictation", "Mnemonics" can be effectively used to control the mental activity of students, create non-standard solutions. We are convinced that creative and competency-based learning of students is of great importance for improving the student's qualifications.

Keywords: competence, market, education, brainstorming, magic chest, associative method, creativity, qualification, method-approach.

Қазіргі қоғамдағы педагогтың міндеті ғылым мен техниканың қарқынды дамып келе жатқан заманда өмір сүруге икемді, қоғам пайдасына қарай өзін - өзі толық жүзеге асыруға

дайын, білімді, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Сондықтан білім берудің мазмұнын жетілдіре отырып, үздіксіз білім беру арқылы оларды кәсіби тұрғыдан жан - жақты жетілдіру мәселесі бүгінде күн тәртібіне қойылып отырғанын көріп отырмыз. Бүгінгі күні «құзыреттілік» ұғымы оқыту үдерісінде білімді қолданудың негізгі нәтижесі ретінде қарастырылуда [1].

Заманауи білім берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы меңгерген, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл ұрпақ дайындау. Қазақстан Республикасында сапалы білім берудің стратегиялық міндеттерін жүзеге асыруда педагогтардың кәсіби құзіреттілігін дамыту негізгі шешуші рөл атқарады. Білім беру жүйесінде білім берудің ұлттық үлгісіне өту арқылы білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізетін, әлемдік педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамытатын кәсіби құзіретті ұстаз [2].

Ойы жүйрік, ақылы терең, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, шығармашылығы биік, кәсіби шеберлігі жетілген, ізденуші, зерттеуші, жасампаз жаңашыл ұстаз – бүгінгі қоғамның тапсырысы. Әр сабағын өздігінен білім меңгерудің, ізденіс пен жемісті еңбектің қайнар көзіне айналдырғанда ғана, талапқа сай мұғалім болу мәселесі шешіледі [3].

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер», - дейді Жүсіпбек Аймауытов [4]. Құзыр – бұл адамның бойындағы бар білік пен білім және қабілеттері. Құзырет – қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық; жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында табысты іс әрекетке дайындық, Ал, құзыреттілік дегеніміз – бұл адамға берілген немесе жүктеген істі нәтижелі түрде орындауын бағалау мінездемесі. Бұл адамның бойында өзіндік, жауапкершілік, коммуникабельдік, жаңалықты жоғары қабылдайтын, мәселені шеше алатын, адамгершілігі мол, білімі жоғары, жаңа технологияларды меңгере алатын, ұжымда жұмыс жүргізе алатын, белсенділік қасиет - қабілеттерінің болуы.

«Құзыреттілік» ұғымы бүгінгі күні оқыту үрдісінде білімді қолданудың ақырғы нәтижесі ретінде қарастырылуда. Оқыту үрдісінде «құзыреттілік» ұғымы білім алушылардың білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы болып табылады, яғни білім алушылардың іс - әрекетін меңгеруден көрінетін білім нәтижесі. Басты мақсаттың бірі – білім игеру кезінде күтілетін нәтижеге қол жеткізу [5]. Негізгі бағыт мұғалім жеке тұлғаға ауысады, яғни, жеке тұлға бұрын білімді қабылдаушы рөлін атқарса, ал жаңа талап бойынша өздігінен білім алушы, үйренуші ретінде танылады. Сондықтан жеке тұлғаның бейнесін бүгінгі заман талабына сай дайындауымыз керек. Бүгінде білім беру стратегиясын «құзыретті білім беру» деп те атап жүр. Құзыреттілік жеке тұлғаның танымы мен тәжірибесіне қатысты нәрсе, яғни тұлғаның бойында іскерлік пен ерік - жігердің болуы.

Құзіреттілік – білім алушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі. Жаратылыстану сабақтарында білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мен дамытудың маңызы зор. Білім алушылар қарым - қатынас моделдерін, мәдениет бейнелері мен таңбаларын білулері керек. Бұл білім алушылардың жаратылыстану мен дүниетану пәнін табиғатпен байланыстыра отырып ұғынуын қамтамасыз ете алады.

«Коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competere» – қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан) – қоршаған ортамен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, жеке және топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әр түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды [6]. Білім алушы шығарма жаза отырып, өз ойын ашық жеткізе білуі, досының пікірін тыңдай білуі, оқиғаны талдай білу, сұрақ қоя, пікір таластыра білуі тиіс. Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі.

Өз іс - тәжірибеде білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мен дамыту жолдарын қарастырамын. Осы мақсаттарға жету үшін өз

жұмысымда қазіргі заманға сай сабақтарды өткіземін, өйткені заманауи сабақ – білім алушылардың қандай да бір құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Өз сабақтарымда құзыреттілік тапсырмаларды қолданып жүрмін:

- тақырып бойынша өз пікірін білдіру;
- диалог құру;
- белсенді топтық қатынас құру;
- тақырыпты күнделікті өмірмен байланыстыра білу.

Өз сабағымда жиі қолданатын әдіс - тәсілдерден «Ассоциация әдісі», «Сиқырлы сандық», стратегиялары білім алушылардың шығармашылық қабілетін ұштауға өте тиімді. «Миға шабуыл», «Мәтінді болжа», «Суретті диктант», «Мнемотехника» әдістерін білім алушылардың ой ұшқырлығын бақылауда, стандартты емес шешім жасауда тиімді пайдаланып отырдым. Сонымен қатар білім алушылардың ақпараттық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Математика, жаратылыстану сабақтарында ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- білім алушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім - білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- логикалық есептер шығару кезінде әртүрлі құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыру;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- іс - әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері

болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;

- білім алушының ой - өрісін, дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан - жақты қолдану қабілеті [7].

Кәсіби құзыреттілігі дамыған мұғалім сабағында ғылым мен педагогика саласындағы жаңалықтарды үнемі пайдаланып отыруы тиіс, ұзақ уақыт есте сақтау қабілетін арттыру үшін жаңа сабақты ерекше әдіс-тәсілдермен, ойын арқылы өткізсе дұрыс.

Білім алушылардың сапалы да тиянақты білім алуы үшін әр бөлім, әр тақырып бойынша олардың білімдерін тексеріп отырған жөн. Мен өз сабақтарымда оқушылардың білімдерін тексерудің мынадай әдістерін пайдаланамын:

- тестік жүйе бойынша;
- өзін - өзі тексеру;
- көршісін тексеру және т. б.

Білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатында сабақта халықтық педагогика элементтерін де жиі пайдаланамын. Ол үшін:

- халық ертегілерінен, аңыз әңгімелерінен, өлең жырларынан үзінділер келтіріп, олардың мағынасын түсіндіруді;
- халықтың ұлттық ойындарының мағынасын балаға түсінікті тілмен түсіндіруді;
- әртүрлі табиғи құбылыстарға байланысты жұмбақтар шешіп, сөзжұмбақ, бейнесөздер құрастыруды тапсырамын.

Сабақта оқушыларды таң қалдырып, себебін білгілері келетін әртүрлі қызықты тәжірибелер мен әдістерді ұдайы қолдану олардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Білім – қоғамды әлеуметтік, мәдени үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады.

Қорыта айтқанда, білім алушыларды шығармашылықпен жұмыс жасатып, алған ақпараттарын өмірде қолдана алуына жағдай жасау үшін құзыреттілік тұрғысынан оқыту тәсілдерін қолданудың білім алушының біліктілігін арттыру үшін маңызы зор. Болашақ ұрпағымыз жаңа заман талабына сай білімді, жан - жақты, коммуникабельді, мәдениетті, өмірге икемделген тұлға болуы үшін оның бойында құзыреттілікті дамыту ұстаздың қолында.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Құдайбергенова К. С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. Алматы 2019
2. Қазбекова Н. Т. Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік оқытудың элементтерін қолдану 12 жылдық білім журналы 2006 №1
3. Тұрғынбаева Б. А. Ұстаздық шығармашылық. Алматы 2007
4. Журнал «Қазақстан мектебі», №12, 2018
5. «Бастауыш мектеп» журналы №1, 2007
6. Барсай Б. Бастауыш сыныпта оқытудың жаңа технологиясы. Бастауыш мектеп, №1, 2020
7. Айдосова З. «Дамыта оқыту технологиясының мәселелері» 2022

ӘОЖ 541.124

<https://doi.org/10.53355/j0179-1304-2336-o>

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АУТОДЕСТРУКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫН АЛДЫН АЛУ

Қалымбек Ф., студент

Ғылыми жетекші: Наубаева Х. Т., пс. ғ. д., қауымдастырылған профессор

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: fkalymbek@mail.ru

Мақалада "аутодеструктивті мінез-құлық", "алдын-алу", "жасөспірім" ұғымдары қарастырылады. Аутодеструктивті мінез-құлық формалары келтірілген. Алдын алудың маңыздылығы көрсетілген. Ата-аналарға аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша ұсыныс ұсынылды.

Тірек сөздер: аутодеструктивті мінез – құлық алдын – алу, жасөспірімдер, ата-аналар.

В статье рассматриваются понятия «аутодеструктивное поведение», «профилактика», «подросток». Приведены формы аутодеструктивного поведения. Показана важность профилактики. Предложена рекомендация родителям по профилактике аутодеструктивного поведения.

Ключевые слова: аутодеструктивное поведение профилактика, подростки, родители.

The article discusses the concept of "autodestructive behavior", "prevention", "teenager". Results form of self - destructive behavior. The basic components of psychological victimization teenager. The importance of prevention. It offers advice to parents on the prevention of self - destructive behavior.

Keywords: auto – destructive behavior prevention, adolescents, parents.

Қазіргі кезде жасөспірімдердің аутодеструктивті мінез-құлықын зерттеу өзекті болып отыр. Теріс әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың салдарының бірі-аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім адамдар санының көбеюі. Жасөспірімдік жасқа тән өзін-өзі реттеудің қиындықтары импульсивтілікте, алаңдаушылықта, өзін-өзі бағалау және эмоцияларды басқару мәселелерінде көрініс табады [5,125 б.]. Біріншіден, жасөспірімдердің осы бейімділігінің теріс салдарларының қаупін жақсы түсіну үшін "аутодеструктивті мінез-құлық" ұғымына келетін болсақ. Аутодеструктивті (өзін — өзі зақымдайтын) мінез-құлық-адамның қоршаған ортамен және өзара әрекеттесу зиян келтіру тәсілі, яғни оның